



ТІЛ БІЛІМІНЕ КІРІСПЕ

Тілдің өзгеруі: уақыт кезеңдері.
2-бөлім

6-тарау. Тілді меңгеру



Эпонимдер дегеніміз – жалқы есімдерден пайда болған, тілдің сөздік қорын байытудың тағы бір жолы ретінде қолданылатын сөздер. Мысалы, sandwich – Аң аулаған кезде жеуге жеңіл болуы үшін тамағын екі жапырақ нанның арасына салып жейтін төртінші Сэндвич графы.

Robot Чех жазушысы Карел Чапектің Россумның әмбебап роботтары немесе 'Rossum's Universal Robots' шығармасындағы механикалық тіршілік иесі. gargantuan Рабле ойлап тапқан ерекше тәбеті бар жаратылыс иесі Гаргантюа. Jumbo П.Т. Барнум АҚШ-қа әкелген піл. Біз lazy susan сөзінің пайда болуына себеп болған, ешкімге белгісіз қызметкер Сьюзанның білімсіздігін қабылдауға тиіспіз. Немесе brown betty, charlotte russe, chuck wagon сөздерінің авторлары Бетти, Чарлотта немесе Чакты мойындауға тура келеді. Алайда Францияның de Nimes қаласынан әкелінген арнайы киім мен төсеніштер тігуге пайдаланатын материалдың аты ретінде қолданылған denim немесе Шотландияның Кэмпбелл Аргайл графтығының басшылары киген байпақ сияқты киімді білдірген argyle сияқты сөздер де бар. Paparazzo яғни, «атақты адамдарды өкшелеп жүретін фриланс фотограф» сөзін 1997 жылы Диана ханшайым көз жұмғанға дейін ешкім білмеді. Оны қайғылы жағдайға жеткізген көлік апатына папарацци себепкер болған еді. Бұл эпоним La Dolce Vita фильміндегі Signor Paparazzo атты жаңалықтар фотографының атынан шыққан.

Біріккен сөздер де күрделі сөздер сияқты екі сөздің бірігуінен жасалады, тек сөздің бірігуі кезінде біріккен сөздердің жартысы алынып тасталады. Мысалы, smoke және frog сөздерінің қосындысынан пайда болған smog, breakfast және lunch сөздерінен шыққан brunch, motor және hotel сөздерінің қосындысы болатын motel, info және commercial сөздерінен құралған infomercial, сондай-ақ, urine және analysis сөздерінен пайда болған urinalysis сөздері – ағылшын тілінде толықтай лексикалық мәртебеге ие болған біріккен сөздердің мысалы. Podcast (podcasting, podcaster) сөзі iPod және broadcast сөздерінің бірігуінен жасалумен қатар, біраз уақыт бұрын ғана ағылшын тіліне енген, 'internet audio broadcasting' яғни, интернет арқылы аудио хабар тарату дегенді білдіреді. Debtpocalypse термині ұлттық қарызы апокалипсис деңгейіне жеткен елдерді сипаттау үшін қолданылады. Мысалы, оған 2012 жылы осындай жағдайды бастан өткерген Грекия мен Испанияны айтуға болады. Лос-Анжелес пен Калифорнияда негізгі күре жолдарды жөндеу мақсатымен жабу Carmageddon жағдайына алып келді.

Льюис Кэрролдың chuckle және snort сөздерінің бірігуінен жасалған chortle сөзі ағылшында аса көп қолданыла бермейді. Кэррол жаңа сөз ойлап табу мен сөздерді біріктіру мәселесінде аса танымал. Through the Looking-Glass еңбегіндегі «Сандырақ» деп аталатын бөлімде ол сөздердің мағынасын былай түсіндіреді:

«Brillig» means four o'clock in the afternoon – the time when you begin broiling things for dinner... «Slithy» means «lithe and slimy» ... You see it's like a portmanteau – there are two meanings packed up into one word ... «Toves» are something like badgers – they are something like lizards – and they're something like corkscrews ... also they make their nests under sundials – also they live on cheese ... To «gyre» is to go round and round like a gyroscope. To «gimble» is to make holes like a gimlet. And «the wabe» is the grass-plot round a sun-dial ... It's called «wabe» ... because it goes a long way before it and a long way behind it ... «Mimsy» is «flimsy and miserable» (there's another portmanteau ... for you).

(Аудармасы: «Brillig» дегеніміз – түстен кейінгі сағат төрт кезі, бұл кезде кешкі тамаққа бірдемелерді қуыра бастайсыз... 'Slithy» дегеніміз – «икемді және жабысқақ» дегенді білдіреді ...Көріп отырғандарыңыздай, бұл шабадан сияқты, екі мағына бір сөзге сыйып кетеді... «Toves» дегеніміз – борсық та, кесіртке де, бұранды да болуы мүмкін, олар күн сағатына ұя салады, ірімшікте өмір сүреді ... To «gyre» дегеніміз – гироскоп сияқты шыр көбелек айналып жүре беру. To «gimble» – бұрғы сияқты тесу. Ал «the wabe» күн сағатының маңына өскен шөп. Оның «wabe» ... аталу себебі, ол оған жеткенге дейін және жеткеннен кейін ұзақ жол жүреді... «Mimsy» деген «нәзік және әлсіз» дегенді білдіреді.

Кэрролдың шабадан деп отырғаны біздің біріккен сөз дегенімізге саяды және ол күнделікті лексиконның біріне айналуға. Балалар да сөздерді біріктіре алады. Crocodile және alligator сөздерінен шыққан crocodogator терминін үш жасар Элижах Перегрин ойлап тапқан. Әжелер де мұндайда шет қалмайды. Бір африкалық еврей әже sugar және bubeleh сөздерін қосып, «жаным» деген сөзді білдіру үшін shugeleh сөзін ойлап тапқан. Шынымызды айтсақ, бұл сөзді қалай оқу керектігін біз білмейміз. (Budeleh – идиш тілінде жақсы көру деген сөз). Сондай-ақ



yiddish (идиш) және neighborhood (аумақ, маң) сөздерінің қосындысы болуы мүмкін the hood [ʃʊd] (the hood сөзімен салыстырыңыз) сөзін де естіп қалдық. Сөз соңында айтарымыз, тамақ пен салмақ мәселесіне байланысты.

'Merriam-Webster's Collegiate Dictionary' сөздігіне flexitarian, locavore, obesogenic сөздері қосылды. Мағынасына үңілетін болсаңыз, қазір олар «тыйым салынған» сөздер қатарында.

Адамдар жіберіп отырған хабарламаны аз сөзбен жеткізу үшін сөздерді түрлі жолмен қысқартып жатады. Біз оларды жеделхаттар мен телекстерден байқайтынбыз. Бүгінгі күні ол электроника әлемінде кеңінен таралған, SMS деп аталып кеткен қысқаша хабар жіберу қызметінде көптеп кездеседі. Алайда біз ауызекі тілмен көп жұмыс істейтіндіктен, ондағы қысқартудың үш негізгі тәсілін атап көрсетуге болады: сөздің қысқаруы, акроним және алфавиттік қысқарту.

Сөздің қысқаруы дегеніміз – ұзын сөздердегі бір немесе екі буынды алып тастау арқылы сөзді қысқарту тәсілі. Мысалы, facsimile сөзінің орнына -fax, television сөзінің орнына telly, influenza сөзінің орнына – flu, pornography сөзінің орнына – porn, android сөзінің орнына droid сөздері қолданылады. Слэнг ретінде қалыптасқаннан кейін Джонатан Свифттің ұнатпағанына қарамастан, бұл сөздердің көбі қазір тілімізде орнығып қалды яғни, олар – ағылшын сөздік қорының толық мүшелері. Сөз қысқару кезінде сөздің басы (phone – telephone), көп жағдайда соңы қысқарады (prof – professor) немесе басы да, аяғы да қысқаратын кездер болады (fridge – refrigerator). Қысқартудың нәтижесінде екі түрлі семантикалық құбылысқа қол жеткіземіз. Оның ең кең таралғаны – қысқарған сөз де өзінің негізіндегі мағынаға ие болып қалады. Алдыңғы дәрістерде мысалдардың барлығы осыны көрсетеді. Кейбір жағдайда қысқарған сөздер басқа мағынаға ие болады. Мысалы, fan, van, rad, mutt сөздері fanatic, caravan, radical, muttonhead сөздерінің қысқартылған түрі болса да, fan үнемі fanatic емес, van автокөліктер кортежі емес, бір ғана көлік; rad радикал дегенді емес, керісінше, қандай да бір нәрсенің керемет екенін білдіреді. Ал mutt болса muttonhead (ақымақ адам) сөзіне еш қатысы жоқ, қаңғыбас ит дегенді білдіреді. Смартфонның (бұл да жаңадан пайда болған сөз) бір түрі ретінде қолданылатын droid сөзінің мағынасы робот арқылы барлау дегенді білдірумен қатар, android сөзіне мүлдем ұқсамайды. Сөздің қысқаруы арқылы жаңа сөз жасау әлі де жалғасуда. Кезінде рәперлер үшін disrespect (сыйламау) дегенді білдірген dis слэнгі қазіргі кезде біреуді сыйламау деген мағынада кеңінен қолданылуда. Blog сөзі (weblog сөзінен шыққан жаңа сөз) қазіргі мыңжылдықтың ең сәтті қысқартылған сөзі болуымен қатар, зат есімнің де, етістіктің де қызметін атқара береді (blogs, blogging, blogged, blogger).

Акронимдер дегеніміз – бірнеше сөздің алғашқы әрпінен пайда болған сөздер. Мұндай сөздер жазылуына қарай оқылады: NASA [næsə] (National Aeronautics and Space Administration / Аэроавтика және ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі ұлттық басқарма), UNESCO [junɛsko] (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization/ БҰҰ (білім, ғылым және мәдени ұйымы), UNICEF [junəsɛf] (United Nations International Children's Emergency Fund/ БҰҰ (Халықаралық Балаларды Қорғау Қоры)). Сонымен қатар төмендегі сөздерді де атауға болады:

Radar – radio detecting and ranging (радиодетектор); laser – light amplification by stimulated emission of radiation (индуцирлі сәуле шығару); scuba – self-contained underwater breathing apparatus (су астында дербес дем алу аппараты); RAM – random access memory (оперативті есте сақтау құрылғысы).

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан әскерлер ойлап тапқан, тек сол ортада ғана қолданылып, жағдайдың тұрақты екенін білдіретін snafu сөзі сөз жасаушылардың шығармашылық қабілетін көрсетеді. Соңғы кезде пайда болған сөздердің қатарына AIDS және SARS сөздерін де жатқызуға болады. Әріптер тізбегін сөз сияқты оқу қиын болған кезде акронимдегі сөздің әр әрпін жеке-жеке айтуға тура келеді. Мысалы: NFL [ɛnɛfɛl] (National Football League/ Ұлттық Футбол Лигасы), UCLA [jusɪɛle] (University of California /Калифорния университеті, Лос-Анжелес), MRI [ɛmarɪ] (magnetic resonance imaging/MPT). Мұндай арнайы акронимдерді кейде алфавиттік қысқартулар деп те атайды.

Акронимдер мен алфавиттік қысқартулар компьютерлер мен интернеттің кеңінен таралуының арқасында сөздік қорға күнделікті еніп отыр. Мұндай таралу жолы арқылы пайда болған сөздерге jpeg (joint photographic expert group), GUI (graphical user interface, gooey деп



оқылады), PDA (personal digital assistant), MP3 (MPEG layer 3) сияқты сөздерді жатқызуға болады. MPEG (moving picture expert group) сөзінің өзі де акроним. Ең қызығы, ағылшын тілінде қолданыста жүрген акронимдердің саны, онлайн Acronym Finder-ге сүйенсек, бір миллионнан асып жығылады. Бұл төрт ғасыр бұрынғы ағылшын сөздерімен бірдей деген сөз. Ал бұл адам тілінің шығармашылыққа толы екенін және үнемі өзгеріп отыратынын білдіреді.

Тіл Полоний айтқандай емес, олар сырттан алады да, сыртқа береді. Кедейлеуі алғанын қайтып бермесе, қарыз берушілер қарызын қайтаруын ешқашан талап етпейді. Басқа тілден енген сөздер – кірме сөздер деп аталатын жаңа сөздердің маңызды көзі. Бұл бір тіл екінші тілден өз лексикасына жаңа сөз немесе морфема қосқан кезде болады. Бұл көбінде тілдік байланыстан туындайды яғни, түрлі тілде сөйлейтін адамдар, әсіресе қостілді немесе көптілді адамдар қарым-қатынасынан пайда болады.

Кірме сөздердің айтылуы әдетте (бірақ, үнемі емес) сөз енген тілдің айтылуына қарай өзгертіледі. Мысалы, француз тілінен ағылшын тіліне енген ensemble сөзі французда [āsābəl] деп оқылса, ағылшында [n] және [m] дыбыстары қосылып, [ānsāmbəl] деп оқылады. Себебі ағылшында буын мұрынжолды дыбысқа негізделмейді. Bach деген композитордың аты еш өзгеріссіз, ағылшын тілінің ережесіне қайшы болса да, неміс тіліндегідей, соңғы ызың дыбыс сақталып, [bax] болып оқылады. Кейде сөздерден де үлкен бірліктер бір тілден екінші тілге енетін кездер болады. Француз тілінен енген ménage à trios [mēnaz a tRa] сөзінде [R] дыбысы увулярлы діріл дауыссызы болуымен қатар, үшжақты романтика дегенді білдіреді. Француз тілін білетіндер мұны французша оқыса, көбі оны ағылшынша оқиды, нәтижесінде оның айтылуы [mēnaz a twa].

Неміс тілінің Weltanschauung сөзінен шыққан worldview сияқты сөздер бір тілден екінші тілге еніп, сосын аударылған жағдайда оны калькалау деп атайды. Француз тілінің il va sans dire сөйлемінен енген it goes without saying (түсінікті, даусыз) тіркесі де калька. Сондай-ақ испандар ағылшынның hot dog сөзін испан синтаксисіне сәйкестендіріп, сын есім мен зат есімнің орнын өзгертуінің нәтижесінде perros calientes деген калька пайда болды.

Көптеген тілдің лексикасын ана тілінің сөздерінен және кірме сөздерден тұратын деп екіге бөліп көрсетуге болады. Ана тілінің сөзі дегеніміз – шығу тарихы немесе этимологиясы тілдің біз білетін сатысынан басталатын сөздер. Сөз тілге тікелей немесе жанама жағдайда енеді. Тілге тікелей енген кірме сөздер дегеніміз – қандай да бір сөз кірме тілдің төл сөзі дегенді білдіреді. Мысалы, норман шапқыншылығының нәтижесінде пайда болған сөздермен қатар, feast француз тілінен тікелей енген сөз. Сондай-ақ algebra сөзі испан тілінен еңсе, испан тілі оны араб тілінен алған. Демек, испан тілінің дәнекер тіл болуының нәтижесінде algebra сөзі араб тілінен жанама түрде енген. Кейбір тілдерде кірме сөздер өте көп. Албан тілі осындай тілдерге жатады. Дегенмен оның өз төл сөздері өте аз. Ал байырғы америкалықтардың тіліне көршілерінен аз ғана сөз енген.

Ағылшын тілінде де кірме сөздер баршылық. Қолданыстағы 20000-нан астам сөздің бестен үші – кірме сөздер. Кеңінен қолданылатын 500 сөздің тек жетіден екісі ғана басқа тілден енген. Сөйлемде қайталанып қолданылатын бұл сөздер қызметтік мәнге ие болуымен қатар, ана тіліндегі сөздердің сөйлемде қолданылу жиілігі 80%. Көп қолданылатын, ағылшын тілінің төл қызметтік немесе көмекші сөздері мыналар: and, be, have, it, of, the, to, will, you, on, that, is.

Сөздер мен тіркестерден басқа да лингвистикалық бірліктер өзге тілдерден еніп жатады. Ілгеріде біз қазіргі ағылшын тіліне француз тілінің /v/ және /z/ дыбыстары қалай енгені жөнінде айтқан болатынбыз. ible/able сияқты морфемалық суффикстер де incredible сияқты француз сөздерімен ере келіп, кейіннен ағылшын тілінде drinkable сияқты жаңа сөздің пайда болуына себепші болды.

Ағылшын тілінде сөйлейтін адамдардың тарихын олардың тіліндегі кірме сөздер, олардың шығу көзі және олар қашан басқа тілден енді дегенге қарап отырып анықтай аламыз. 1066 жылғы норман шапқыншылығына дейін англдер, саксондар және юттар Англияны мекендеді. V ғасырда Британияға келген кезде герман тайпалары болған олар кейіннен ағылшынға айналды. Жалпы алғанда, олар ежелгі ағылшыннан тараған герман диалектілерінде сөйледі. Бұл диалектілерде бірқатар латын сөздері, аз ғана шетелдік сөздер болды. Осы герман тайпалары ежелгі ағылшын тіліне көптеген кельттік жер атауларын енгізген ежелгі кельт тұрғындарының орнын басты. Қазіргі валлий, ирланд және шотландтық гэль тілдері кельт диалектілерінен



тарайды. Нормандықтар француз тілінде сөйледі және шапқыншылықтан кейін үш ғасыр бойы француз тілі мемлекеттік, сауда, әлеуметтік және мәдени мәселелерде кеңінен қолданысқа ие болды. Батыс Саксон әдеби тілі қолданыстан шыққанымен, ағылшын тілінің өңірлік нұсқаларын үйде, шіркеулерде және базарда қолдана берді. Бұл сол кезде мәдени тұрғыдан үстем тіл болған француз тілі мен ағылшын тілінің байланысын көрсетеді.

Осы ғасырларда француз тілінен ағылшын тіліне сансыз көп сөз енді, олардың қатарына төменгілерді жатқызуға болады:

government Crown prince estate parliament Nation Jury judge crime Sue attorney Saint miracle charity Court lechery Virgin value pray Mercy religion Chapel royal money Society

Нормандықтар келгенге дейін, ағылшындар бұқаны азық ретінде қолданып тұрған кезде олар оны ox деп атайтын. Шошқа олар үшін pig, қой sheep еді. Алайда норман ас мәзірінде бұқа beef (boeuf), шошқа pork (porc), қой mutton (mouton) деп аталды. Бұл сөздер тамақ әзірлеуге қатысты boil, stew, roast сияқты сөздермен қатар француз тілінен ағылшын тіліне енді. Жылдар өте келе, француз тағам аттары ағылшын ас мәзірі тіліне айналды: aspic Bisque bouillion canapé Caviar consommé Croissant croquette.

Ағылшын тіліне қайта өрлеу дәуірі кезінде де көп сөз енді. 1475 жылы Уильям Кекстон Англияда алғаш рет баспа ісін жолға қойды. 1640 жылға қарай Англияда 55000 кітап басылып шықты. Бұл кітаптардың авторлары кейіннен тілде орнығып қалған көптеген грек және латын сөздерін қолданған еді. Грек тілінен drama, comedy, tragedy, scene, botany, physics, zoology, atomic сияқты сөздер еңсе, латын тілінен енген сөздер өте көп. Мысалы: bonus scientific exit alumnus quorum describe.

IX және X ғасырларда кейіннен Британ аралдарында қоныстанып қалған скандинавиялық шапқыншылар да ағылшын тіліне із қалдырды. They, their, them сияқты есімдіктер қазіргі дат, норвег және швед тілдері бастау алатын ежелгі скандинавия тілінен енген. Бұл ағылшынға басқа тілден есімдік енген бір ғана кезең. Bin, flannel, clan, slogan, whisky сөздерінің барлығы түрлі кезеңде валлий, шотландтық гэль және ирланд тілінен енген кельт сөздері. Дат тілі де тасымалдауға қатысты buoy, freight, leak, rump, yacht сияқты сөздердің шығу көзі болып отыр. Неміс тілінен quartz, cobalt, sauerkraut сияқты сөздер еңсе, итальян тілінен енген сөздердің қатарына музыка терминдеріне, операға қатысты opera, piano, virtuoso, balcony, mezzanine сияқты сөздер жатады. Influenza сөзі итальян тілінің influence сөзінен шыққан, оның негізгі мағынасы итальяндықтардың жұлдыз ауруының пайда болуына әсер етеді деген түсінігіне байланысты.

Көп ғылыми сөз араб тілінен енген. Өйткені осы сала бойынша араб ғалымдары басқалардан көш ілгері еді. Alcohol, algebra, cipher, zero сөздері – осының аз ғана мысалы. Испан тілінен barbecue, cockroach, ranch, California (hot furnace/ыстық пеш) сөздері енді. Америкада ағылшын тілінде сөйлейтін қоныстанушылар байырғы америкалық тілдерден де біраз сөз алды. Бұл да тілдік байланысты білдіргенімен, ағылшын мәдени тұрғыдан үстем тіл рөлін атқарды. Осындай байырғы америкалық тілдерден енген сөздердің қатарына hickory, chipmunk, opossum, squash сөздері жатады. АҚШ штаттары аттарының тең жартысы америкалық үндістердің тілінен алынған.

Ағылшында идиш тілінен енген сөздер де баршылық. Еврей немесе идиш тілінде сөйлемейтін еврейлер идиш сөздерін қосып айтады. Бір кездері көлік бамперлеріне «Marcel Proust is a yenta» деп жазып алатын. Yenta сөзі идиш тілінен шыққан, өсекші әйел дегенді білдіреді. Мысалы, қақталған қызыл балық (smoked salmon) дегенді білдіретін lox, ашытылған дөңгелек тоқаш (a doughnut dipped in cement) дегенді білдіретін bagel сөзі. Сонымен қатар қазір ағылшын сөздеріне айналып үлгерген chutzpah, schmaltz, schlemiel, schmuck, schmo, schlep, kibitz. Ағылшын тілінен де басқа тілдерге енген сөздер баршылық. Олар негізінен технология, спорт және көңіл көтеру салаларын қамтиды. Jazz, blue jeans, rock music, supermarket, baseball, picnic, computer сияқты сөздер ағылшын тіліне мүлдем қатыссыз тви, болгар, орыс және жапон тілдерінде көптеп қолданылады.

Тілдердегі сөздер қолданыстан шықты деп олардың қажетті шамадан аз деңгейде қолданылуын айтамыз. Алайда мұндай сөздер лексиканың нақты көлемін зерттеу кезінде есепке алынады. Ескі сөздің қолданыстан шығуы жаңа сөз пайда болғандай таңғаларлық



құбылыс емес. Жаңа сөз қолданысқа енген кезде оның ерекше қолданысы көңіл аударады, ал сөз жоқ болып кетсе, ол туралы ешкім де ойламайды, оны ешкім қолданбайды, осылайша ол мүлдем жоғалады.

Шекспирдің еңбектерін оқып отырған кезде көптеген сөздің жоғалғанын көреміз. Мысалы, Ромео мен Джульеттадағы *beseem* 'to be sutable', *mammet* 'a doll or puppet', *wot* 'to know', *gyve* 'a fetter', *fain* 'gladly' wherefore 'why' сияқты сөздер. Джульеттаның жылап тұрып айтқан «O Romeo, Romeo! Wherefore art thou Romeo» деген сөйлемде ол Ромеодан неге оны Ромео деп атағанын сұрайды. Бертін келе ата-әжелеріміз қолданған сөздер де қолданыстан шықты. Мысалы, жиырма бес цент дегенді білдіретін *two bits* сөзі, сондай-ақ, өте жылдам және өте асығыс дегенді білдіретін *lickety-split* және *pell-mell* сөздері қазір сирек кездеседі. Тіпті ата-анамыз қолданған сөздер қазір уақыты өткендей естіледі. Мысалы: *groovy* (excellent/әдемі, керемет), *davenport* (sofa/диван), т.б. Шарбақтың үстіне орнатылған баспалдақ (*steps crossing a fence or gate*) дегенді білдіретін *stile* сөзі де қазір қолданыста жоқ. Урбанизация әсерінен ауылдық жерде қолданылатын заттарды білдіретін сөздер де тілден шығып қалуда. *Pea* сөзінен кері деривация арқылы пайда болған *peas* сөзі сирек кездессе, *Goldilocks and the Three Bears* деп аталатын балалар әңгімесі мен Гарри Поттердің таңғы асында берілетін *porridge* (ботқа) сөзі қолданыстан шықты деуге болады. Технологиялық өзгерістер де сөздердің қолданыстан шығып қалуына алып келуі мүмкін. Ондай сөздердің қатарына кезінде қарудың жүзін қайрайтын құрал дегенді білдіретін *acutiator*, қоршау қаруы дегенді білдірген *tormentum* сөздерін жатқызуға болады. Соғыс өнеріндегі жетістіктер бұл сөздерді ығыстырғанымен, оның орнына *cruise missile* және *drone* сөздері қолданысқа енді. Оқу процесіне қатысты сөздерден *blackboard* сөзі қолданыстан шығып, *whiteboard* сөзі енгізілді. Алайда *buckboard*, *buggy*, *dogcart* *hansom*, *surrey*, *tumbrel* сияқты сөздер сөздікте кездескенімен, олардың барлығы әртүрлі ат арбаға байланысты қолданылады. Дегенмен көлік саласындағы жетістіктер бұл сөздердің көнергенін көрсетуіне байланысты, олар да қолданыстан шығады.

Біз тілдің лексикалық бірліктерді қабылдайтынын немесе жоғалтып алатынын көрдік. Сөздің мағынасы немесе семантикалық белгісі де кеңейіп, тарылады немесе ауысады. Сөздің мағынасы кеңейген кезде ол өзінің мағынасынан да көп мәнге ие болады. Орта ғасырлық ағылшында *dogge* сөзі иттің нақты бір тұқымын білдіретін. Кейіннен мағынасы кеңейіп, барлық итке қатысты қолданылатын болды. *Holiday* сөзі 'holy day' яғни, қасиетті күн дегеннен шыққан, діни маңыздылыққа ие күнді білдіретін. Қазір бұл біз жұмысқа бармайтын кез келген күнді білдіре береді. *Picture* бұрындары тек қолмен сызылған суретке қатысты қолданылса, қазір оны фотоаппаратқа қатысты да, басқа электрондық «ойыншықтарға» қатысты да қолдана аласыз. *Quarantine* сөзінің негізгі мағынасы «қырық күн оқшаулау» болатын, ал *manage* сөзі жай ғана ат баптау дегенді білдірген.

Компьютердің шығуына қатысты пайда болған *computer*, *mouse*, *cookie*, *cache*, *virus*, *bundle* сияқты сөздер де сөздердің мағынасын кеңейтуге жол ашты. Айталық, *footage* сөзі бейнетаспаның ұзақтығын білдіретін, ал қазір ол ұзақтығына қарамастан, *DVD* сияқты кез келген электрондық бейнематериалдарды білдіреді. *Google* сөзі алғаш шыққанда компанияның атын білдірсе, кейінірек ол етістік мағынасын үстеп, «интернеттен ақпарат іздеу үшін компанияның құрылғысын пайдалану» деген мағынада қолданылып, қазір ол мағына қарапайымдалып, «интернеттен іздеу» болып қалды. *Twitter* және *tweet* сөздері де бір кездері мағынасы кеңейген сөздер, олардың бастапқы мағынасы – құс қорасы.

Инжілдің Король Джеймс жазған нұсқасында құдай шөптер мен ағаштар туралы былай дейді: «To you they shall be for meat/ Сендер үшін олар ет (азық) болады». XIX ғасырда ағылшын тілінде спикерлер үшін *meat* сөзі тамақ дегенді, *flesh* ет дегенді білдірді. Содан бері *meat* сөзінің семантикалық мағынасы тарылып, қазіргі мағынаға ие болды. Өзінің туыстас неміс тіліндегі *tier* сөзіндей, ағылшынның *deer* сөзі бір кездері аң немесе жыртқыш дегенді білдірген. Сол сияқты *hound* сөзі де неміс тілінің *hund* сөзіндей иттердің жалпы атауы ретінде қолданылды. Қазіргі кезде *hound* сөзі иттердің белгілі бір тұқымын ғана білдіреді. *Skyline* сөзі бір кездері 'horizon' яғни, көкжиек дегенді білдірсе, қазір оның мағынасы тарылып, қаланың көзге көрінетін шеті дегенді білдіреді.

Лексикалық бірлікке қатысты семантикалық өзгерістің тағы бір түрі – сөз мағынасының ауысуы. *Knight* сөзі бір кездері 'youth' яғни, жастар дегенді білдірсе, кейіннен мағынасын өзгертіп,



«қару-жарақ асынған атты адам» деген мағынаға ие болды. Lust сөзі ешқандай негатив немесе жыныстық мағына үстемей, жай ғана 'pleasure' яғни, көңіл көтеру деген мағынада қолданылған. Ал lewd сөзі – 'ignorant', immoral сөзі – 'not customary', ал ежелгі ағылшында silly сөзі 'happy' дегенді білдірді. Орта ғасыр ағылшыны кезінде ол 'naïve', ал қазіргі ағылшында 'foolish' деп мағынасын өзгертті. Барлығымыз жақсы білетін, тіпті аузымыздан тастамайтын nice сөзі мың жыл бұрын 'ignorant' деген мағынада қолданылды. Джульеттаның Ромеоға «I am too fond» дегені оның Ромеоны жақсы көретінін емес, керісінше, «I am too foolish» яғни, мен сондай ақымақпын дегенді білдірді.

XIX ғасырдың тарихи және салыстырмалы тіл білімінің негізгі мақсаты әлем тілдері арасындағы генетикалық байланысты анықтау еді. Олар дүниежүзіндегі негізгі тілдік топтар мен оларды жіктеудің негізгі қағидаларын анықтауды өздерінің міндеті деп білді. Сөйтіп зерттеулерін белгілі бір тілдердің дыбыстарының арасындағы сәйкестікке негіздеді. Бұл зерттеушілер бір-біріне жүйелі түрде ұқсайтын немесе ерекшеленетін тілдер ортақ тілден бастау алады яғни, олар генетикалық тұрғыдан бір-біріне жақын деп есептеді.

Бала кезінде Сэр Уильям Джонстың ерекше тіл үйрену қабілеті болды. Ол тіптен өлі тіл деп есептелетін ежелгі грек пен латынды да білетін. Үндістанда өмір сүрген кезінде ол санскритті қоса үйреніп, санскриттің грек пен латынға «ерекше жақындығы бар екенін және оның кездейсоқ емес екенін» байқады. Бұл Джонсты «осы тілдер ортақ бір тілден шыққан» деген қорытынды жасауға итермеледі және ол осы сияқты герман және кельт тілдері де туыстас деген болжам жасады.

Джонстың зерттеуінен кейін неміс лингвисті Франц Бопп санскрит, латын, грек, парсы және герман тілдері арасында ұқсастықтың бар екенін айтты. Сол кезде Расмус Раск атты даниялық жас ғалым бұл нәтижелермен келісіп қана қоймай, литва және армян тілін де осы тізімге қосты. Раск туыстас тілдер арасындағы нақты бір фонологиялық айырмашылықтарды жан-жақты түсіндіріп берген алғашқы ғалым еді. Расктің еңбегі неміс лингвисті Якоб Гриммге қанат бітіріп, нәтижесінде ол санскрит, грек, латын және герман тілдері дыбыстарының арасындағы сәйкестікті көрсететін төрт томдық ғылыми еңбек жазып шығарды. Гримм дыбыстар арасындағы ұқсастықтарға ғана емес, айырмашылықтардың арасындағы жүйелілікке де ерекше назар аударды. Мысалы, латын тілінде [p] қолданса – ағылшында [f], латында [t] болған жерде ағылшында [θ] қолданылды. Латынның [k] дыбысы болған жерде ағылшынның [h] дыбысы болды.

Гримм бұл тілдердің барлығы шыққан ежелгі тілді анықтады, оны біз қазір үнді-еуропа тілі деп атаймыз. Ол дыбыстық сәйкестікті фонологиялық өзгерістер ережесі арқылы түсіндірді, тарихи лингвистер оны дыбыстық алмасу деп атайды. Гримнің негізгі жаңалығы – герман тілдер тобы мен ежелгі ағылшын тілінде болған дыбыстық алмасулар туралы кейбір ережелер санскрит, грек және латын тілдеріне қатысты қолданылмайды. Бұл герман тілдері мен басқа тілдер арасындағы көптеген айырмашылықты жақсы түсіндіріп бермек. Гримм анықтаған дыбыстық өзгерістер жүйелі түрде болып тұратындықтан, оларға Гримм заңы деген атау берілді.

Когнаттар дегеніміз – ағылшындық horn, латындық corn сияқты бір түп тамырдан тараған туыстас тілдердің сөздері. Түрлі тілдерде когнаттар әдетте үнемі болмаса да, бір мағынаға ие болады. Когнаттарға қарап біз дыбыстардың сәйкестігін бақылап, дыбыстық алмасулар туралы біле аламыз. Санскрит, латын және герман (ағылшын тілі арқылы көрсетілген) тілдерінің p-r-f когнаттарының сәйкестігі бұл тілдердің генетикалық тұрғыдан жақын екенін білдіреді.

Сәйкестікті толығырақ көрсетумен қатар, әрбір жолға лингвистер басқа да сәйкестіктерді тауып жаза алады. Мысалы, p-r-t когнатына байланысты санскриттің rād, латынның red-, ағылшынның foot сөздерін жазуға болады. Осылайша бірінші қатардағы үнді-еуропа дыбыстарының қайта қалпына келтірілуіне бастайтын тұрақты және жүйелі байланысты көрсете аламыз.

Санскрит дауыссыздары аз ғана, латын сәл көбірек, герман тілдері Гримм заңына сәйкес толығымен қайта құрылды. Бұл өзгерістер фонемалар мен фонологиялық ережелерге қатысты және осы фонемадан тұратын сөздердің барлығынан бұл өзгерістерді байқауға болады. Егер өзгерістер жеке дыбыстарға емес, жеке сөздерге қатысты болды деп көрсек, онда біз санскрит және латын тілдерінде /p/ дыбысымен басталатын сөздер герман тілдерінде неге /f/ дыбысы-



мен басталады дегенді түсіндіріп бере алмас едік. Мұны жай ғана сәйкестік дей алмаймыз. Демек, өзгерістер бізге үнді-еуропа дыбыстық жүйесінің көбін қайта құруға мүмкіндік беретін, кеңінен таралған, заңды сәйкестіктерге бастайтын тілдің фонологиясы деңгейінде болады.

Гримм өзі анықтаған сәйкестіктерге қатысты ескертулердің бар екенін еске сала кетеді. Оның айтуынша, «дыбыстық алмасу дегеніміз – жалпы процесс. Оны күнделікті қолдана беруге болмайды». Оншақты жылдан кейін, 1875 жылы Карл Вернер Гримм заңының кейбір ерекшеліктерін түсіндіріп берді. Ол үнді-еуропалық p, t, k дыбыстары неліктен кей кезде f, θ, x дыбыстарына сәйкес келмеді дегенді көрсету үшін Вернер заңын ойлап шығарды.

Вернер заңы: алдында келген дауыстыға екпін түспеген жағдайда f, θ, x дыбыстары b, d және g дыбыстарына айналады. Дыбыстардың алмасу заңдылығын ұстанатын ХІХ ғасырдың бір топ лингвистері жас грамматистер тұжырымын алға тартты. Ол тұжырым бойынша, дыбыстық алмасулар жай ғана процесс емес, керісінше, сол ортада кездесетін барлық сөзге қатысты. Олар ерекшеліктер бола қалған жағдайда Вернер заңы Гримм заңының ерекшелігін түсіндіргендей, жаңа заңдар да осы ерекшеліктерді түсіндіріп береді деп ойлады.

Жас грамматистер тіл білімін жаратылыстану ғылымы деп көріп, осыған байланысты дыбыстық алмасулар заңы даусыз табиғат заңы болады деп есептеді. Өкінішке қарай, олар дамытқан «заңдардың» өзіндік ерекшеліктері болуымен қатар, оларды Вернердің заңы Гриммнің заңын түсіндіріп бергендей түсіндіре салу мүмкін емес еді. Қалай дегенмен де, бұл лингвистердің еңбектері тілдік өзгерістер жайлы маңызды ақпарат беріп, ондай өзгерістер неге болатынын түсінуге жол ашады. Біз әңгіме етіп отырған лингвистикалық еңбек Чарльз Дарвинге біраз әсер етсе, өз кезегінде эволюция туралы Дарвиннің теориясы лингвистика мен басқа да ғылымдарға терең із қалдырды. Кейбір лингвистер тілдің «өмір сүру мерзімі бар» және ол белгілі бір эволюциялық заңға сәйкес дамиды деп көреді. Әр тілдің өзінің ортақ тегі бар. Биологиялық натурализм туралы бұл теория шындыққа жанасады, алайда бұл тілдер қалай өзгеріп, қалай басқа тілге ауысады дегеннің тым қарапайым түсіндірмесі болмақ.